

**Астана қаласы «Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
Қамқоршылық кеңесінің отырысы**

№ 6 хаттама

Өткізілген күні: 18.11.2024 жыл

Өткізілген уақыты: 11.00

Қатысқаны -10

Қатыспағаны-1 (Әбілқайыр Сайранбек Ербатырұлы –денсаулығына байланысты)

Күн тәртібінде:

1. Астана қаласы әкімдігінің «Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК-нің директоры» бос лауазымына ұсынылған кандидаттарды қарастыру.

Астана қаласы Білім басқармасының сайтында 2024 жылғы 15 қазан күні Астана қаласы әкімдігінің «Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК директоры лауазымына конкурс жарияланған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Астана қаласы әкімдігінің «Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК директоры бос лауазымына орналасуға 7 үміткер ұсынылып отыр. Хатшы үміткерлерді таныстырып өтті.

№	Аты-жөні	Жұмыс орны
1	Нартаева Альбина Кумсковна	Астана қаласы әкімдігінің «№ 88 «Баян сұлу» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны менгерушісі
2	Ахмедияров Бауыржан Абсалимович	Астана қаласы әкімдігінің «Фарида Оңғарсынова атындағы № 77 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	Раш Шахеризада Мухтаровна	Астана қаласы әкімдігінің «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы № 11 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының орынбасары
4	Байғазиев Роман Фазылович	Астана қаласы әкімдігінің «Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, математика пәнінің мұғалімі
5	Сағындыкова Аманжановна	Сабира Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Қостомар орта мектебінің директоры
6	Кульмаганбетова Рыспаевна	Замзагул Астана қаласы әкімдігінің «Мұқағали Мақатаев атындағы № 74 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

7	Кержикеева Макпал Рысбаевна	Астана қаласы әкімдігінің «Шерхан Мұртаза атындағы № 63 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
---	-----------------------------	--

Қамқоршылық кеңес хатшысы жалпы отырыс ережесімен таныстырды. Әр үміткер өзінің алдағы 5 жылға арналған даму жоспарын таныстырады. Регламент 15 мин. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына сәйкес, аудио-видео жазба жазылады. Сіздердің міндеттеріңіз мұқият тыңдап, сұрақтар қоясыздар. Сұрақтар Білім туралы заң, педагог мәртебесі, бала құқығы, даму жоспары төңірегінде болуы керек. Арамызда тәуелсіз бақылаушы қатысып отыр. Астана қаласының тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысының орынбасары Мәлік Еркебұлан Мәлікұлы. Таныстырылымнан кейін шешім қабылданып, хаттама толтырылады. Хаттама ББ-на жіберіледі. Конкурс нәтижесін ББ хабардар етеді.

Кандидаттар тізімдемесіне сәйкес үміткерлердің мектепті дамыту бағдарламасы, перспективалық жоспарлары тыңдалды.

Сонымен қатар әр кандидат қамқоршылық кеңесі тарапынан қойылған «Өз жобаныңда көрсеткендей, шетелдік мектептермен қарым-қатынасты қалай арттырар едіңіз? Өзіңіз жұмыс жасап жатқан балабақшада қандай жетістіктерге қол жеткіздіңіз? Бөлісе аласыз ба? Сіздің мықты және әлсіз жағыз қандай? Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға қандай жағдай жасар едіңіз? Мектептегі буллинг мәселесін қалай шешесіз? Ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты қалай нығайтасыз? Директор болу керектігін қашан түсіндіңіз? Не себепті жұмыс орнын ауыстыра бердіңіз? Лидер директор ретінде қалай өзіңізді танытар едіңіз? Білім сапасын арттыру үшін қандай жұмыстар жоспарлап отырсыз? Жанаша қандай идея ұсынар едіңіз? Оқушының жеке дамуына қандай іс-шаралар қолданар едіңіз? Директор болудағы мақсатыңыз не? Мектептегі мұғалім, ата-ана, арасындағы конфликт жағдайды қалай шешер едіңіз? Мектепті басқарудағы ұстанымыңыз қандай? Даму бағдарламасын дайындауда негізге алдыңыз? Көңілді оқушы мектепке келіп кетуіне қандай жағдай жасайсыз? Оқушылар тәртібін қалай бақылап отырсыз?» мектептің оқу-материалдық базасы мен құрылыстық шаруашылығы сынды сұрақтарына жауаптарын тыңдады. Қойылған сұрақтар бойынша әр үміткер өз көзқарастарын жеткізіп, алдағы даму бағдарламасының жоспарларымен таныстырып өтті. Отырыс барысында ұсынылған кандидаттардың білім саласындағы еңбек өтілдері мен іс-тәжірибелері сұралды.

Ұсыныс:

Қамқоршылық кеңес төрайымы кеңес мүшелеріне, жоғарыда тыңдалған үміткерлердің жауабы негізінде әр комиссия мүшесі үміткерлер бойынша өз бағаларын беру туралы ұсыныс білдірді. Аталған ұсыныс бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері әр үміткерлерге баға беріп, Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицейінің директоры лауазымына Байғазиев Роман Фазыловичты бір ауыздан қолдады.

Қаулы:

Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицейінің қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұсыныстары бойынша әр кандидаттарға баға бере отырып, Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицейінің директоры лауазымына Байғазиев Роман Фазыловичты ұсынды.

Қамқоршылық кеңес төрайымы

У.А. Абдукадирова

Комиссия мүшелері:

Назарбаева Ж.Н.

Назарбекова Г.М.

Бектурганова Ж.М.

Умбетова С.М.

Байназарова Г.Б.

Сұлтанова А.У.

Умирзакова М.Б.

Темирбекова А.И.

Рамазанова Б.А.

Тәуелсіз бақылаушы

Мәлік Еркебұлан Мәлікұлы

Астана қ. «Тұрғын үй инспекциясы» басқармасының басшысының орынбасары

Хатшы

Бикетова Н.Ш